

К.М. Мырзагалиева¹, А.Е. Алимбаев^{2*}

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: ¹kmkz55@mail.ru, ²aslan_alimbaev@mail.ru

ORCID: ¹0000-0003-4998-5368, ²0000-0003-1717-7374

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АУДАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ

Аңдатпа. Мақалада ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының аудармаларындағы ұлттық болмыс, ұлттық ерекшеліктер қарастырылған. «Мені тудырған – заман, патша заманының зұлым саясаты, зорлығы, зомбылығы, қорлығы» деп өзі айтқандай, сол замандағы отаршыл саясат, қоғамдағы, ел ішіндегі алауыздық, талас-тартыс Ахметті мысал жазуға итермеледі. Сонымен бірге ұлттық мүддені қорғауды мұрат тұтқан, сол жолда қуғын-сүргінге ұшыраған Ахмет үшін ойын астарлап жеткізудің жаңа бір тәсілі бар еді. Ол тәсіл – мысал арқылы қоғамды сынау. Ол осы жанр арқылы іштегі шерін тарқатып, айтайын дегенін айтып, ел рухын көтеріп, ақыл-кеңес, халқына ғибратты сөз арнады. Бірақ онысы құрғақ ақыл, құрғақ дидактика, жалаң пәлсапа емес, терең зерделілікпен жазылған биік поэзия болып шықты. А.Байтұрсынұлы бұрын жазылған Эзоптың, Лафонтеннің, Федрдің мысалдарын жетілдіріп, қазақыландырып, яғни ұлттық рең беріп, өзіндік форма, стильмен төл туындыларға айналдыра жазғандығы туралы зерделенген. Сондай-ақ, Ш.Құдайбердіұлының, Н.Ахметбековтің, Т.Ізтілеуовтің аудармаларының ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан талданған. Поэзияның бейнелеу үлгілерін алғаш көрсеткен А. Байтұрсынұлының теориялық тұжырымдары төңірегінде талданып, жан-жақты сараланған. Мақалада көркем аударма туындыларындағы ұлттық болмыс, ұлттық таным, ұлттық құндылық, ұлттық бірегейлікті танытуда Ахмет Байтұрсынұлы басшылыққа алған ұстанымдар пайымдалған.

Алғыс: Мақала «Алаш қайраткерлерінің аударма еңбектеріндегі адамзатқа ортаққұндылықтар» (АР19679312) гранттық жоба аясында жазылды

Кілт сөздер: заман, форма, төлтума, аударма, өлең, адамдық диханшысы

К.М. Мырзагалиева¹, А.Е. Алимбаев^{2*}

¹Костанайский региональный университет имени А. Байтұрсынұлы, Қостанай, Казахстан,

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

E-mail: ¹kmkz55@mail.ru, ²aslan_alimbaev@mail.ru

ORCID: ¹0000-0003-4998-5368, ²0000-0003-1717-7374

Национальное мировоззрение в переводах Ахмета Байтурсынова

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы отражения национального менталитета и этнокультурной специфики в переводах лидера нации Ахмета Байтурсынова. Как сам он отмечал: «Меня породила эпоха, политика царского режима с её жестокостью, насилием, угнетением» – колониальная политика, внутринародные распри и междоусобицы побудили его обратиться к жанру басни. Для Ахмета, видевшего своей целью защиту национальных интересов и пострадавшего за свои убеждения от политических репрессий, необходимо было найти способ завуалированного выражения мыслей. Таким способом стало использование жанра басни как формы социальной критики. Через этот жанр автор выражал внутренние переживания, доносил до читателя свои идеи, вдохновлял народ,

давал наставления и поучения. Однако его произведения не сводились к сухому морализаторству или абстрактной философии – они представляли собой поэзию высокого художественного уровня, написанную с глубоким осмыслением. В статье исследуется, как Ахмет Байтұрсынұлы, адаптируя басни Эзопа, Лафонтена, Федра, наделял их национальным колоритом, придавал им оригинальную форму и стиль, тем самым превращая их в самобытные произведения. Также анализируются особенности переводов таких поэтов, как Шакарим Кудайбердыұлы, Нуржан Ахметбеков и Турмаганбет Изтилеуов. В статье рассматриваются теоретические положения Ахмета Байтұрсынұлы, впервые раскрывшего образные средства поэзии, и проводится анализ его подходов к художественному переводу как средству выражения национального сознания, самобытности и культурной идентичности.

Благодарность: Статья написана в рамках грантового проекта (AP19679312) «Общечеловеческие ценности в переводах деятелей Алаш».

Ключевые слова: эпоха, форма, исходный текст, перевод, стихотворение, нравственный просветитель.

K.M. Myrzagalieva¹, A.E. Alimbayev^{2*}

¹A. Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanai, Kazakhstan

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

E-mail: ¹kmkz55@mail.ru, ²aslan_alimbaev@mail.ru

ORCID: ¹10000-0003-4998-5368, ²20000-0003-1717-7374

National Worldview in the Translations of Akhmet Baitursynuly

Abstract. The paper deals with the reflection of the national mentality and ethno-cultural specificity in the translations of the leader of the nation Akhmet Baitursynuly. As he, himself noted: "I was born by the era, the policy of the tsarist regime with its cruelty, violence, oppression" - colonial policy, internal strife and internecine strife prompted him to turn to the genre of fable. It was necessary for Akhmet, who aimed to defend national interests and suffered political repression for his beliefs, to find a veiled way of expressing his thoughts. This way was the use of the genre of fable as a form of social criticism. Through this genre, the author expressed his inner feelings, conveyed his ideas to the reader, inspired the people, gave instructions and teachings. However, his works were not reduced to dry moralizing or abstract philosophy - they were poetry of high artistic level, written with deep reflection. The paper studies the way Akhmet Baitursynuly, adapting fables of Aesop, La Fontaine, Phaedrus, endowed them with national coloring, gave them original form and style, thus turning them into original works. The peculiarities of translations of such poets as Shakarim Kudayberdyuly, Nurzhan Akhmetbekov and Turmaganbet Iztileuov are also analyzed. The article deals with the theoretical provisions of Akhmet Baitursynuly, who first revealed the figurative means of poetry, and analyzes his approaches to artistic translation as a means of expressing national consciousness, identity and cultural identity.

Gratitude: The paper was written within the framework of the grant project (AR19679312) "Human values in translations of Alash figures".

Keywords: era, form, original text, translation, poem, moral Enlightener.

1. Кіріспе

Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысалы» тұңғыш рет 1909 жылы Петерборда жарық көрсе, 1913 жылы Орынборда, 1922 жылы Қазанда қайта басылып шықты. Өйткені, сол тұстағы қоғамдағы келеңсіз көріністер мен жағымсыз мінездерді сынға алатын Ахмет мысалдарының әлеуметтік психологиялық мазмұны терең, көркемдік шоқтығы биік. Әрі бұл уақыт қазақ халқының ұйқысынан ояна бастаған, рухани өсіп-жетіліп келе жатқан шағы еді. Сондықтан да рухани серпіліс мысал жанрының дамуына, оған деген сұранысқа әсерін тигізбей қоймады.

Шындығында да осы «Қырық мысал» – «қалың қазақ жұртшылығының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі» (Әуезов, 1991: 18) аударма ма, төл туынды ма? Әрине, төлтума! Өйткені, көптеген қазақ ақындары «Мың бір түн ертегілерінен», құран хикаяларынан, Шығыс халық ақындарының жырларынан алып дастандар жазды. Мәселен, Абай Құнанбайұлы әзірбайжанның атақты классигі Низамидің «Ескендірнамасының» бір бөлігінің ғана желісін өзгертіп «Ескендір», «Мың бір түн ертегілерінің» бірінің сюжетін пайдаланып «Әзім» поэмаларын, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығыс классигі Физули алғаш жырлаған «Ләйлі-Мәжнүн» дастанының өзіндік вариантын, Тұрмағамбет Ізтелеуов туысқан тәжік әдебиетінің классигі Әбілқасым Фирдаусидің «Шахнамасының» оқиғаларын пайдаланып «Рүстем-дастан», халық ақыны Нұрхан Ахметбеков «Мың бір түн» оқиғаларын пайдаланып халық сүйіп оқитын тамаша дастандар тудырды. Осындай үрдіс жайында Мұхтар Әуезов ҚССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институты дайындап, қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы 1961 жылы жарыққа шығарған «Рүстем-дастан» поэмасына алғы сөзінде: «Рүстем-дастан» жыры Фирдаусидің «Шахнамасынан» жасалған аударма емес. Ол арғы-бергі (соның қатарында Фирдаусидің де еңбегінен ауысқан) ауызша да, жазбаша да хикаялардың бәрінен құралып, қазақ халқы арасында ертегіше тарап кеткен батыр жорықтарының жиынтық жыры, – деп жазды. – Өлеңмен жыр етуші Тұрмағамбет ақын бұл жөнінде XIX ғасырда қазақ ортасында көп жайылған Шығыс аңыздарының өлеңге айналатын дәстүрін қолданған. Қазақтың кейбір ақындары «Мың бір түн» ертегілерінен алып жыр-дастан жазған. Мына тұста да Тұрмағамбет тәжірибесінен біз сондай еңбек мысалын көреміз. Сонымен Рүстемнің жайы туысқан тәжік әдебиетінің ұлы классигі Фирдаусидің «Шахнамасындай» болғанмен, мынау еңбекті Фирдаусидің «Шахнамасынан» тікелей жасалған аударма демейміз, сол Фирдауси үлгісімен халық ақыны Тұрмағамбеттің өзі өлең етіп жазған Рүстем жөніндегі дастанның қазақша варианты дейміз» (Әуезов, 1985: 456).

Осы сияқты Шәкәрімнің дастаны жайында Мұқтар Мағауин, Шәкәрім Құдайбердиевтің «Шәкәрім» деп аталатын кітабына жазған алғысөзінде: «Шығыстың сөз зергерлерінің жыр жарысы – нәзира дәстүрі бойынша, ақынның ең басты мұраты жаңа тақырып табу емес, жаңа жол табу, белгілі сарынды өзгеше түрге бөлеу, өзіндік бояумен бейнелеу десек, Шәкәрім қалдырған «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны мың жылдық тарихы бар ежелгі сюжеттің ең соңғы көрінісі, шын мәнісіндегі төлтума болып табылады», – деген пікір айтады.

Нұрхан Ахметбековтің дастандары да «Мың бір түн» оқиғаларының өлеңге айналдырған түрі. Сондықтан да филология ғылымдарының кандидаты, белгілі журналист Сапабек Әсіпов те «Топжарған» деп аталатын еңбегінде: «Нұрхан өзінің ақындық өнерінде «Есім сері», «Жасауыл қырғыны», «Қарға», «Албан-Жұпар ханым», «Амангелді дастаны», «Күландам», «Қамарыл заман» атты жеті дастан жазды» (Әсіпов, 1992: 53), – деп көрсетеді. «Албан-Жұпар ханым», «Қамарыл заман» аударма демейді.

Ахмет Байтұрсынұлының И.А. Крыловтан аударды деп жүрген мысалдары да түпнұсқасынан алшақ, өзінше ой-байлам түйетін, қазақыланған нұсқалары. И.А. Крыловтың өзі мысалдарын біздің дәуірімізге дейін V ғасырда өмір сүрген грек мысалшысы Эоптан, сондай-ақ біздің дәуірімізге дейін XV ғасырда өмір сүрген француз мысалшысы Лафонтеннен алғаны мәлім. Бірақ оны орыс әдебиетшілері, әдебиет зерттеушілері аударма демейді.

2. Зерттеу әдістері мен материалдары

2.1 Зерттеу әдістері

Мақалада зерттеу нысаны ретінде Ахмет Байтұрсынұлы аудармаларының ерекшеліктері, сонымен қатар басқа қаламгерлердің аудармаларымен салыстырыла қарастырылды. Зерттеуде жинақтау, салыстыру, талдау әдістері қолданылды.

2.2. Материалға сипаттама

Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, филология ғылымдарының докторы Рымғали Нұрғали Ахмет Байтұрсынұлы «Ақ жол» кітабына жазған алғысөзінде: «Абай аудармалары Крылов түпнұсқасымен көбіне-көп дәл келеді. Спандияр Көбеев 8 мысалды қарасөзбен баяндаған, – деп түсіндіреді. – Ал Ахмет Байтұрсынұлы аудармаларында сюжет сақталғанмен, өзіндік басым, қазақ тұрмысына жақын идеялар, заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтылады. Крыловтың он жолдық «Шымшық пен көгершін» мысалы Ахмет Байтұрсынұлы аудармасында 32 жолдан тұратын жаңа шығарма. «Өгіз бен бақа» орысшада – 17, қазақшада – 36 жол, «Қасқыр мен тырна» орысшада – 19, қазақшада – 76 жол, «Арыстан, Киік һәм Түлкі» орысшада – 35, қазақшада – 56 жол, «Қасқыр мен қозы» орысшада – 37, қазақшада – 68 жол, «Ағаш» орысшада – 35, қазақшада – 56 жол. Бұл фактілер қазақ ақыны дәстүрлі оқиға, қалыпты бейнелерді ала отырып, ойға ой, суретке сурет қосып, жаңа, ұлттық төл туынды жасағанын көрсетеді» (Байтұрсынұлы, 2013: 10).

Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы Жұмағали Ысмағұлов та Ахмет Байтұрсынұлы мысалдарын төл туынды ретінде қарастырады. Ғалым Крыловтың айтушы, Ахметтің жеткізуші екенін айта келіп: «Қырық мысал» қыр еліне қыдыр боп дарып, қазақ санасына қырық түрлі кеселдің дәруіндей сінді» (Ысмағұлов, 1990: 6), – деп жазады. Крыловтың данышпандығын, орыс әдебиетінің ұлы тұлғаларының бірі екенін, орыстың ұлттық мысал жанрын қалыптастырып, ұлттық рухын жеткізе алғандығын дәлелдеп, жеткізеді.

Сонымен бірге Крылов мысалдарындағы сол бұқарашылдықты Ахмет Байтұрсынұлының төңкерісшілдік идея дәрежесіне көтере жеткізгенін, Ахаң жазған мысалдар қызметі мен дәрежесі жағынан Крыловтың жазғандарынан да асып түскенін айтады. Сатира сарбаздарының бірі, филология ғылымдарының докторы, профессор Темірбек Қожакеев Абайдың мысалдары жайында айта келіп: «Сөйтіп өлең емес түпнұсқа Абай аудармасында өлең боп шығады. Қимылды көрініс, ауыз екі диалог, қара сөз, әңгіме, жаңа түр, жаңа сипат табады. Өзіміздің төл шығармаға айналады», – дейді. И.А. Крылов мысалдарының Абай аудармасын төл туындымыз

деуге екінші негіз – олар қазақ өміріне бейімделіп, сахара тіршілігіне үйлестіріліп аударылған. Қазақ тұрмысына сай емес образдар, есімдер халқымызға тән бейнелермен ауыстырылған» (Қожекеев, 1996: 270).

3. Талқылау

Ахмет Байтұрсынұлы мысалдары туралы да осыны айтуға болады. Оның үстіне Ахаң еркін аударып отырып, Крылов мысалдарында жоқ ой-тұжырымдар жасайды, қазақы ұғымғы түсінікті етіп өз жанынан қосады. Қазақтың халық мақал-мәтелдерін де өлеңіне жымдастырып, әдемі қолданады: «Халық айтса, қалып айтпайды» («Қарға мен түлкі»), «Жазмыштан озмыш болмас», «Адамның басы – Алланың добы» («Шымшық пен көгершін»), «Өлін білмес әлек» («Өгіз бен бақа»), «Сыйға сый» дегенменен, Бастан құлақ садаға» («Қасқыр мен тырна»), «Бөрі жоқ десең – шығар бөрік астынан» («Қасқыр мен қозы»), «Көз кетсе – көзілдірік емі» («Маймыл мен көзілдірік»), «Алды жөн адасқанның» деген сөз ғой» («Айна мен маймыл»), «Нашарды талай адам талап жеп жүр» («Қасқыр мен қозы»), «Мақал бар: «Жақсылықты басыңа қыл, Басыңнан асса, – деген, – досқа істеңіз» («Қара бұлт»), «Не ексең, соны орасың» («Қасқыр мен мысық»), «Ұялған тек тұрмайды» («Сары шымшық»).

Ақын мысал мазмұнын байытып, мағынасын тереңдетіп, айтпақ ойын жеткізу жолында өлеңнің поэтикалық қуаты мен айшығын да ұмытпаған. «Жалпы орыс мысалшыларының және оны зерттеушілер орыс мысалдарының атасы В. Традиакковскийдің өзі 1752 жылы «Шығармалар мен аудармалар» жинағында елуден астам мысалының Эзоптан еркін аударылғанын жазады. Бірақ орыс оқырмандары да, зерттеуші, сыншылары да аталған мысалшылар бірінен-бірі көшіріп алды немесе аударды демейді, әр автордың өзінің төл туындысы деп бағалайды. Олай болса, Ахаңның мысалдарын біз «Ахаңның өзінің төл туындысы» деп неге айта алмай келеміз» (Бектемісов, 1999: 8), – дейді сатирик ақын Сейіт Кенжеахметов.

Қазақ халқының ұлы ағартушылары орыс халқының шығармаларын аударып отырып, олардан сабақ алуды, үлгі алуды, осылайша өз халқына көркем сөзбен қызмет етуді мақсат еткен. Ол аударма арқылы өз халқының санасын оятып, орыс мәдениеті арқылы әлем әдебиетінің, ғылымының есігін ашқан (Дауренбекова, Қартаева, Жуматаева, Бекенова, Нұрланова, 2024: 10). Десекте, кейбір аудармаларды төл туынды ретінде тануымызға болады.

А. Байтұрсынұлының «Қырық мысалы төл тума. Онда сын, әжуамен бірге үгіт-насихат та бар. Бұл публицистикаға тән белгілер...

Сонымен А. Байтұрсынұлы өлеңдеріндегі публицистикалық нышандар мыналар: біріншіден, өлеңдерінде деректілік, өз заманының үні, өз заманының қоғамдық-саяси көрінісі бар, екіншіден, өмірде болған өз замандастары – тарихқа белгілі адамдар аты аталады, үшіншіден, өлеңдерінде публицистика элементтері кейіпкер монологы ретінде де көрініс табады, төртіншіден, жер, су, қала аттары, атаулары аталады, бесіншіден, өлеңдерінде, мысалдарында, үгіт-насихат, тәлім-тәрбиелік мән бар.

Ахмет Байтұрсынұлының өлеңді өз идеясын жүзеге асыру жолындағы күрес құралы ретінде жазған деген пікірлер оның «майданға шыққан жырларында»

поэзияға тән астарлы ой, образды сөз, теңеу, айшықтау сияқты көркем кестелер жоқ деген ұғым тумаса керек. Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдері айшықты да қуатты. Ол біріншіден, бойындағы талант қарымына байланысты болса, екіншіден өлең жасаудың, көркемдік туғызудың әдіс-тәсілдерін Ахандай білген жан ол тұста жоқтың қасы еді. Өйткені ол туған топырағымыздағы әдебиет теориясының басы болып табылатын «Әдебиет танытқыштың» авторы. Поэзияның бейнелеу үлгілерін алғаш көрсеткен адам. Өзі айтқан көркемдік әдістерді акынның өзі қалай қолданды (Оспанұлы, Мырзағалиева, 2019: 135).

«Мәселен, айшықтаудың (фигураның) арнау деген бір түрі бар. Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында арнау деген бір-ақ түр; шауып шықса, бұған шешендік сұрау қосылып қана аздап ажарлануы мүмкін. Ал қазақ поэзиясында Ахаң осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлап арнау, жарлай арнау) қосып, құбылтып, тотының түгіндей құлпыртып әкетеді» (Қабдолов, 2001: 98). Ахмет Байтұрсынұлы арнаудың осы үш түрін айта келіп сұрай арнауға өзінің «Маса» жинағынан мына шумақтарды мысалға келтіреді:

Не жазып ем, құдай-ау, мен қазаққа,
Мұншама ғып салғандай бұл азапқа?
Адамшылық есебіне кірісіп
Қолы жетсін дегенім бе азатқа!
Бар ма, қазақ, мұнан басқа қылғаным?
Нені шаштым, нені бұздым, былғадым?
Аштан өлген аталарың бар ма еді?

Тамақ үшін сатқан иттер иманын (Байтұрсынұлы, 2013: 186).

Әсерлеу (лептеу) жөнінде «Көңіл қалыпты тыныш күйінде тұрғандағы адамның ауызанан шыққан сөздің екеуі бірдей болмайды. Әсерлеудің асылы осыдан шығады» (Байтұрсынұлы, 2013: 185), – деп Ахмет Байтұрсынұлының өзі жазғандай, сыртынан ғайбаттап, арыз жазып, аяғынан шалған «тамақ үшін иманын», арын сатқандарға ақ адал жанның нақақтан күйіп, назаланып, «көңілі бәсең» тартқан уақытта айтқан сұрай арнауы бұл! Сондықтан да әр сөз қуатты, әсерлі. «Неңді шаштым, неңді бұздым, былғадым?» деген сияқты сұрай қайталаулары өлеңге екпін беріп, динамикалық қуатын арттырып тұрса, «Аштан өлген аталарың бар ма еді?» – сүйектен өтетін ашынған адамның сөзі, әрі дыбыс үндестігіне құрылған, айшықты.

«Пікіріңді сөйлегенде, алдыңғы сөзіңнен артқы сөзіңнің қуаты артып отырса, дамыту болады» (Байтұрсынұлы, 2013: 196) дей келіп, Ахмет Байтұрсынұлы тағы да өз өлеңдерінен мысал алады:

Іші ылас, сырты таза залымдардың
Алданып құр сыртының тазасына.
Мәз болып байғазы алған балаларша,
Сатылып жылтыраған танасына,
Әбілдің зиратын аттап өтіп,
Қабылдың бата қылмай моласына,

Қорыққанға қос көрініп, қойдай үркіп,
Тығылып Тажалдың пұтханасына,
Ес кетіп, сабыр қылмай, сасқалақтап,
Қорыққаннан көзің сыймай шарасына,
Ұмытып құдайды да, құранды да,
Бас ұрма ланат-манат ағашына (Байтұрсынұлы, 2013: 197).

Өлеңде дамыту ғана емес, теңеу де («Мәз болып байғазы алған балаларша»), ассонанс та («Қорыққанға қос көрініп, қойдай үркіп», «Тығылып Тажалдың», «сабыр қылмай, сасқалақтап», «құдайды да құранды да»), ішкі ұйқастар да («Әбілдің-Қабылдың») бар.

Ақын елінің, халқының алдындағы парызын еш уақыт ұмытпайды, оны бәрінен де жоғары қояды. Оны ертеңіміздің, елдігіміздің қамы толғандырады. Қай өлеңін оқысаңыз да азаматтық айтылып, Ар Туы жоғары көтеріледі, азаттық аңсау, бостандық жолын нұсқау басым:

Адамнан туып,
адам ісін етпей,
Ұялмай не бетіммен көрге барам (Байтұрсынұлы, 2013: 101).

Ұл тауып ұлы жолда қызмет етсе,
Онан зор ұлтқа бар ма ырыс деген (Байтұрсынұлы, 2013: 14).

«Бір нәрседе болмайтын күйді екінші нәрседе болатын күймен көрсететін сөзбен айту – бейнелеу болады.

Мысалдар:

Бидайлар басы толық иіліп тұр,
Дін берген қожасына сыйынып тұр.
Басында бұл бидайдың дәні болмай,
Кекірейіп көкке қарап бүлініп тұр (Байтұрсынұлы, 2013: 356).

Ақын парасатты, ақылды адамдардың кішіпейілділігін, надандардың көкірегіне нан пісіп, көкке қарап қалатынын бейнелей әрі астарлай айтқан.

«Бір нәрсенің, көбінесе адамның мінезін, құлқын, ғамалын екінші нәрсенің мысалында көрсетіп айту – бернелеу болады. Қазақтың бернемен сөйлеп отыр дегені осы бернелеу болады.

Бейнелеу бернелеумен екі арасы жақын. Бейнелеу де, бернелеу де екі ұқсас нәрсенің бірін бірінің орнына айтудан шығады. Бейнелеу ұлғайғанда бернелеуге айналып кетеді.

Мәселен, мынау түрлі сөздер бейнелеуден ұлғайып, бернелеуге айналып кеткен болады» (Байтұрсынұлы, 2013: 178), – дей келіп Ахаң «Адамдық диханшысы» деген өз өлеңін мысалға алады.

«Адамдық диханшысы» бұрын-соңды ешкім айтпаған жаңа метафора! Өлеңнің әр жолы, әр сөзі бейнелі. Әр жол қуатты, өйткені сырты жылтыр, іші қикым емес, терең мағыналы. Биік мақсат – ақынды биікке көтерген. Ахаң өмір сүрген айқайы көп, аңдушы көп заманда «Ізгілік егуші боп ел алдында ұран тастау ерлік емес пе?!

Қайыспас қаһармандық емес пе?! Сол себепті де әрі қарапайым, әрі ұтымды адамдық диханшысы сияқты метафора – поэтикалық сөздің солмас гүлі» (Өлімбаев, 1993: 10).

Ахмет Байтұрсынұлы «Иттің достығы» деген мысал өлеңін де бернелеуге үлгі ретінде беріпті. Қазақ әдебиеттану ғылымында «символ» мәселесінің зерттелуі ғалым А. Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. А.Байтұрсынұлы символ терминін «Бернелеу» деп атады (Ахмер, Аймұхамбет, 2023: 56).

Жоғарыда мысалға келтірілген «Адамдық диханшысы» өлеңіндегі «қамыт киіп», «қамыңды жеп» – меңзеулер. «Бір ұғым орнына екінші бір ұғым» айтылуы меңзеу болады. Ахаң өлеңдерінде меңзеулер жиі ұшырасады. Өзі меңзеуге мысалға мына жолдарды алыпты:

Кім біліп ер еңбегін сезіп жатыр.

Кім шыдап жолдастыққа төзіп жатыр.

Сасық ми, асық жүрек санасыздар

Алаңсыз ақ малтасын езіп жатыр (Байтұрсынұлы, 2013: 185).

Мұндағы «сасық ми», «сасық жүрек», «санасыздар», «ақ малтасын» да – меңзеулер. «Сасық ми, сасық жүрек, санасыздар» қандай әдемі, әуенді жол?!
«Сөздің тысқы лебіз мағынасына ішкі астыртын мағынасы қайшы келсе кекесін болып шығады. Кекесінмен сөйлеуді кекесіндеу дейміз. Қорқақ кісіні «батырым» деу, қара кісіні «аппағым» деу, ақымақ кісіні «данышпаным» деу – осылардың бәрі кекесін сөздер. Кекесіннің түрі толып жатыр. Бірақ толып жатқан түрін екі топқа бөлуге болады (Байтұрсынұлы, 2013: 198), – дей келіп, Ахаң зілсіз кекесінге ойын, қулық, қалжың, әзіл, зілді кекесінге мазақ, сықақ, мысқыл, келемеж, әжуа жататынын айтады. Кекесінге келтірген мысалдардың ішінде «Маса» жинағынан алынған мына жолдар бар:

Иттерге таласса да жарасады,

Өйтпесе ит әдетінен адасады.

Дос болған адамдарға қарап тұрсақ,

Биік пен тең деп болмас аласаны.

Сүйектей арасына түссе нәрсе,

Иттерден олар артық таласады.

Ақын өлеңдерінде кекесіннің екі түрі де кездеседі:

...Жай жатсаң жаңылмайсың, адаспайсың,

Күресте кім кетпейді қапыл інім.

Ат қойған аз-көбіне қарамастан,

Ақылға біздер жарлы, пақыр інім.

Доңыздай талғамай жеп семіргендер

Саналып ақылдыға жатыр, інім.

Сүйікті миллатыңа болам десең,

Нашардың көбірек же хақын, інім...(Байтұрсынұлы, 2013: 182)

Автор інісіне ақыл айтқан сыңаймен жатып ішер жалқаулар мен аңқауларды, халықтың қамын жеген болып ел көзінше лепіріп сөйлеп, іс жүзінде түк бітірмей,

момындарға өтірік кісіміп, кердеңдеп жүргендерді ащы мысқылмен келемеж, келеке еткен. Ахаңның «Жай жатсаң жаңылмайсың, адаспайсың», «күресте кім кетпейді қапыл, інім» деген жолдарын естен шығармаған жөн.

Жабылған көз жасымен жердің бетін,
Өткізіп тым өлшеусіз үкіметін,
Жауыздық жалғандық пен қаптағанда!
Адал жол, ақ ниетті арам жеңіл,
Жазықсыз жанды қинап, қанды төгіп,
Бұзықтық, түзіктікті таптағанға
Қиналып, кім болсаң да тарыққандар,
Түңіліп, үміт үзіп, жабықпандар!

Жарқырап жақсылыққа атар таң бар (Байтұрсынұлы, 2013: 225).

Серіппелі оралымды бұл жолдарды дыбыс үндестіктері (бірінші жолдағы «ж»-ның үш рет, екінші жолдағы «ө» дыбысының екі рет, төртінші жолдағы «а» дыбысының үш рет қайталануы) бұзықтық, түзіктік сияқты ішкі ұйқастар да айшықтай түскен.

«Өрнекті сөйлемнің баяншы мүшесі тақырыпшы мүшесіндегі пікірді екі ұштылай баяндаса, оралым айырықты деп аталады» (Байтұрсынұлы, 2013: 205)

Ерігіп, ауыздығын қарш-қарш шайнап,
Бұ қалай, бұрынғыдай сілкінбейсің?
Әлде мен бабын тауып бақпадым ба?
Болмаса жемнен қысып, сақтадым ба?
Әйтпесе әбзелдерің сәнді емес пе?
Жібектен тізгініңді тақпадым ба?
Малдырып сап алтынға үзеңгіңді,

Тағанды шын күмістен қақпадым ба? (Байтұрсынұлы, 2013: 118)

Айрықты оралым өлеңнің қуатын күшейтіп, ерекше екпін беріп, әуездендіріп тұр. Ақын ішкі ұйқас пен дыбыс үндестіктерін де орнымен қолдана білген.

Фатима Ғабитова «Алыптар тағдыры» (күнделік дәптерден) аталатын кітабында Ахаңның:

Тағдыр қалап егер де...

Жүз көз берсе құдірет,

Жүзі де сізге қарар еді! – деген жолдарды дәптеріне жазып кеткенін айтады. Бұл өлеңге кейін Мұханның – Мұхтар Әуезовтің көзі түсіп: «Мынаны кім жазған? Ақындығы онша болмаса да, күшті сезімнің иесі ғой өзі» (Ғабитова, 1995: 117], – деуі Мұханның аңғарғыштығын, Ахаңның сезімталдығы мен ойлылығын байқатады. Ахаң өлеңдері ойлы, сезімге толы.

Айтар ойды, оқиғаны, болмысты аз сөзге, көп мағына сыйдырып қысқа да нұсқа етіп, әрі айқыштап беруде шешендік сөздердің де, мақал-мәтелдердің де атқарар қызметі орасан. Бұл екеуі кез-келген көркемшығарманың тұздығы тәрізді.

4. Зерттеу нәтижелері

Шешендік сөздер де, мақал-мәтелдер де тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, терең мазмұнды, көңілге ерекше қонымды, ұшқыр ойлы, ұтымды тұжырымдар.

Онда даналық та, тапқырлық та, өмір тәжірибесі де, дәстүр мен салт та бар. «Шешен сөздің тілі уытты, лепті, әсерлі, қанды қайнатып, жүрек тулатып, естен айырып, ерікті алып кететін күшті, көрнекті, сәнді, мәнді тіл болады» (Байтұрсынұлы, 2013: 258), – дейді Ахмет Байтұрсынұлы.

Екеуі де ақ алмастан да өткір қару. Сондықтан да халық «Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді» деп ерекше бағалаған.

Халық ауыз әдебиеті мен жыраулар поэзиясынан сусындап өскен Ахмет Байтұрсынұлы да өз өлеңдеріне осындай ұтымды да тапқыр, тәлім-тәрбиелік мәні зор айшықты, шешендік, көсемдік образды ойдың көркем сөз жүйелерін жиі қолданған:

Адал көңіл
Ақтық қайда?
Жалған анттан
Сақтық қайда?
Малың алдау,
Талауда тұр.
Жаның арбау,
Қамауда тұр.
Аяғыңды тұсау қысты,
Жақтарыңды
Құрсау қысты (Байтұрсынұлы, 2013: 108).

Ахет Байтұрсынұлы шешендік сөздер мен мақал-мәтелдерді өз ойларымен қабыстырып, өлең мазмұнын сөз үлгілерін жасауда басты қызмет атқаратын стильдік-тілдік формалардың бірлігінде, бір-бірімен байланыстыра құрады. Сондықтан да мақал-мәтелдер мен ақынның айтайын деген ойы анық та көркем кесте болып қағаз бетіне түскен:

Бұл сөзді сендерге айтпай, кімге айтамын,
Болады асыл таста, ақыл жаста (Байтұрсынұлы, 2013: 63).
Мақал бар: «Жақсылықты басыңа қыл,
Басыңнан асса, – деген, – досқа істеңіз» (Байтұрсынұлы, 2013: 63).
Жазмыштан озмыш болмас деген сөзді
Бекер деп пікір айту жарамайды.
«Алланың адам басы – добы» деген,
Қуса да қалай қарай домалайды (Байтұрсынұлы, 2013: 24).
«Не ексең соны оарсың» деген сөз бар,
Ор енді егініңді піскенінде (Байтұрсынұлы, 2013: 66).
«Ұялған тек тұрмайды» деген рас,
«Қап, бәлем, тоқтай тұрмен» жұртты алдайды (Байтұрсынұлы, 2013: 70).

«Сөздің асыл болуы ұнауымен. Сөз көңілге сипат жағының келістілігімен, мағына жағының күштілігімен жағады. Сөз көркемдігіәуезінің әдемілігі мен кестесінің келісті болуынан табылады» (Байтұрсынұлы, 2013: 241), – деп Ахаңның өзі айтқандай, оның жырларында да, қара сөздерінде де «сөздің көркі» – мақал-мәтелге, нақылға сұранып

тұрған көркем кестелі, мағынасы терең жолдар жиі ұшырасады. Жоғарыдағы Ахаң сөзінің басындағы «Сөздің асыл болуы ұнауымен» деген жол өлең тармағындай емес пе?!».

Түсіне қарап,
Ішінен түңілме.
Күшіне қарап,
Ісінен түңілме (Байтұрсынұлы, 2013: 84).
Ашынса етің,
Ашылмақ бетің.
Бір күн тойға есектер,
Ми жоқ алдан есептер (Байтұрсынұлы, 2013: 97).

«Даналық өшпес жарық, кетпес байлық», «Еңбексіз егін шықпайды, Терлесен, терің тегін қалмайды», «Түзіктік қайсы, Бұзықтық қайсы», «Баланы ұлша тәрбиелесен, ұл болмақшы, құлша тәрбиелесен, құл болмақшы», «Жендеріміз киюсыз, етектеріміз жиюсыз», «Телміріп алған теңгеден, тер сіңірген тиын жұғымды», «Жүгі ауған көштің жүрісі өнбейді», «Жұрт намысы – ұлт намысы», «Оқу – ерге теңдік, кемге кеңдік», «Ұлт жұмысы – үлкен жұмыс», «Көрпең қысқа болса, көсілуге жетпейді», «Іргесі бөлек, ынтымағы бір», «Ер батқанда – жорғалық, молда жоқта – молдалық», «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын», «Сөздің асыл болуы ұнауымен», «Сөз ақылға қонады шындығымен» т.б.

Ақын тілі сөздің дұрыстығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне, көрнекті, әуезді болу жағын да талғайды» [Байтұрсынұлы, 2013: 165]. Жоғарыда келтірілген мысалдар ақын тілі. Өйткені көрнекті, әуезді айшықты әрі ұйқасыз емес.

5. Қорытынды

Ахметтанушы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Серікбай Оспанұлы «Ұзақ жылдар Асанқайғыға телініп, тіпті соңғы жылдары жарық көрген жаңа оқулық кітаптарда да солай айтылып, талданып, таразыланып келген. «Су түбінен асыл тас су толқыса шығады, ой түбінен асыл сөз ой толқыса шығады», – дейді халықтың даналық мақалы» деп те жазылып жүрген Ахаңның бір аудармасы жөнінде (Оспанұлы, Мырзағалиева, 2024:47)

«Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихының» 2001 жылы шыққан бірінші томында «Таза мінсіз асыл тас (дұрысы – «Таза мінсіз меруерт» – С.О.) Асанқайғы туындысы ретінде қарастырылса, 2001 жылы жарық көрген осы оқулықтың екінші томында (28 бетінде) Жадовскаядан аударылған өлеңнің «түпнұсқасына мейлінше жақын» екендігі айтылады. А. Байтұрсынұлының Жадовскаядан аударған жалғыз өлеңі «Таза мінсіз меруерт» екені белгілі жайт.

Мінсіз таза меруерт
Су түбінде жатады.
Мінсіз таза асыл сөз
Ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан зат
Жел толқытса шығады.

Ой түбінде жатқан сөз
Шер толқытса шығады.

Керемет емес пе?! «Ой түбінде жатқан сөздің шер толқытса», немесе, әлде неге шаттанып, көңіл көтерілген кезде, шабыттанып, шамырқанған, шалқыған шақтарда тасып аққан тау суындай құйылатыны шындық.

Тағы да бір таңқаларлық жайт – Ахаңның Жадовскаядан орыс тілінен аударған осы өлеңін В. Рождественский Асанқайғының өлеңі деп қайтадан орыс тіліне аударыпты:

Чистейший и бесценный жемчуг
На дне морском в тиши лежит.
Чистейшие, цены безмерной слово
В глубине души лежит.
Тот жемчуг, что на дне морском лежит,
Порой выносит бурная волна.
Чистейшие, безмерной мысли слово

Выносит горе с глубины со дна (Оспанұлы, Мырзағалиева, 2024: 20).

Ахаң Жадовская өлеңін жайдан жай таңдамаған. Мәселе өлеңнің философиялық әнінде, ойлылығында жатыр. Қазақ ауыз әдебиеті жыр нұсқаларымен, тіпті сонау Х ғасырда Жетісу өңірінде ғұмыр кешкен данышпан ақын Жүсіп Баласағұнның:

Кісі көңілі түпсіз теңіз, ойласаң,
Білім – інжу түбінде, анық, қойма сан.
Кісі інжуді шығармаса теңізден,
Тас не, інжу не пайдасы не тегінде?
Қара жердің қатында алтын тас болар,
Егер шықса, бек басында тәж болар
Білімді ілімін шығармаса тілімен,

Жылдап жатсын жарық шықпас білімнен (Баласағұн, 1986: 69) – деген жолдарымен үндеседі. Ғұлама ақын соны аңғарғандай.

Ой түбіне үңілген ойлы өлең! Ой болғанда қандай, мәнді, мағыналы, кез-келген ақынның аузына түсе бермейтін бұрын айтылмаған тың да көркем толғаныс.

Өлең онша ұйқасып та тұрған жоқ. Ұйқассыздықты «алыстан сермеп, жүректі тербеп, тағына жетіп қайырған» (Абай) терең тебіреніс, салмақты ой, өлең құйылымы байқатпай, екі шумақ та әсерлі, бірін-бірі үстей толықтырып, айшықты да бейнелі, қуатты жұп-жұмыр дүние болып шыққан.

Автор соны сатылап, бір ойды бір ойға жетелетіп, дамыта кезекті қайталау мен айшықтаудың ұтымды үлгісі мен егіздеудің (параллелизм) психологоиялық, синтаксистік түрлерін шебер қолдана отырып өлеңнің соңғы тармағында жеткізуі оқушысын «ох» дегізіп, қол соқтырады. Қазақыланғаны соншалық, жыршы-жыраулардың жыр-жауһарларынан айыру қиын. Өлең тармақтары шығарма тақырыптарына сұранып тұр. Сөздің асылы мен жасығын дөп тани білетін белгілі мемлекет қайраткері, Халық жазушысы Ә. Кекілбайұлы «Азаттықтың ақ таңы» (Кекілбайұлы, 1998: 12) аталатын кітабындағы «Айналаң – аялы алтын бесігің»

деген мақаласына «Ой түбінде жатқан сөз» деп осы Ахаң өлеңінің бір тармағын тақырыпша етіп қоюы тегіннен-тегін болмаса керек.

Жадовская кім? Жадовская Юлия Валериановна 1824 жылы туып, 1883 жылы қайтыс болған. Әдебиетті жанындай сүйіп өскен ол Костромадағы Прибытков пансионна оқуға түсісімен оқытушылардың назарын бірден өзіне аударады.

1846 жылы өлеңдері жарыққа шығады. 1847 жылы «Простой случай», 1857 жылы «В стороне от большого света» (роман) атты прозалық жинақтары жарық көреді. 1885-1886 жылдары Ю.В. Жадовскаяның 4 томдық толық шығармалар жинағын П.В. Жадовский П. Быковтың алғысөзімен Санкт-Петербургте бастырып шығарады.

1998 жылы, 31 шілдеде «Қазақ әдебиеті» газетінде Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, әдебиетші ғалым Серік Мақырұлының «Таза мінсіз асыл тасты» енді шатыстырмайық» деген мақаласы жарық көрді. Онда Жадовскаяның кім екенін айта отырып, ғалым ақынның 1958 жылы Ярославль кітап баспасынан шыққан «Избранные стихотворения» деген кітабындағы (бірінші бетінде екен – С.О.) тақырыпсыз үш шумақ өлең мен Ахаң өлеңін салыстырып, қатар береді.

Жадовскаяның өлеңі:

Лучший перл таится
В глубине морской.
Зреет мысль святая
В глубине души.
Надо сильной буре
Море взволновать.
Чтоб оно, в бореньи
Выбросило перл.
Надо сильно чувству
Душу потрясти.
Чтобы она в восторге
Выразила мысль.

«Алдымен түпнұсқаның алғашқы тармағындағы «перл» сөзіне назар аударайық, – деп жазады ғалым. – Ленинградтан 1977 жылы шыққан «Словарь синонимов. Справочное учебное пособие» атты кітапта бұл сөзге «Жемчужина (отдельное зерно жемчуга), перл - устар. и. trad. – поэтическое слово» деп түсінік беріліп, мысал ретінде Куприннің мына сөйлемі алынған екен. «Водолаз достанет с морского дна перл, достойный царской короны» (Оспанұлы, Мырзағалиева, 2024: 22). Демек, Ахаңның «перлды» меруерт деп атауы өте орынды».

Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы аудармаларының ерекшеліктерін зерделеу, саралау өзекті тақырыптардың бірі. XIX ғасыр қазақ әдебиетіндегі көркем аударма дәстүрін үзбей жалғастырған алаш қайраткерлерінің аудармаларында жалпыадамзаттық құндылықтар мен қатар ұлттық ерекшелік айқын көрінеді. Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдері – азаттық жолы, ақыл-кеңес беріп, адалдыққа, адамгершілікке, ізгілікке, ізетке жетелер сара жол, даналыққа бастар соқпақ.

Әдебиеттер:

1. Әлімбаев М. Көңілдегі көркемдік – рухани олжа // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1993. – №4. – 17 б.
2. Әсіпов С. Топжарған. – Алматы: Жазушы, 1980. – 181 б.
3. Әуезов М. «Рүстем-дастан» поэмасына алғысөз. Жиыратомдық шығармалар жинағы. 20-т. – Алматы: Жазушы, 1985. – 399 б.
4. Әуезов М. Ақанның елу жылдық тойы (Юбилей) Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
5. Ахмер Б., Аймұхамбет Ж. Символдың мәтін түзілімдегі қызметі // Керуен. – 2023. – №3. – Т.80. – Б.52-62. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-04>
6. Байтұрсынұлы А. Алтытомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, – 2013. – Т.I. – 384 б.
7. Байтұрсынұлы А. Алтытомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, – 2013. – Т.V. – 384 б.
8. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986 – 616 б.
9. Бектемісов Н. Назғұмыр. – Астана: Әлем, 1999 – 177 б.
10. Daurenbekova L.N., Kartayeva A.M., Zhumatayeva Z.N., Bekenova G.S., Nurlanova A.N. The first educational directions and issues of literary translation in the Kazakh steppe // Cadernos de Tradução. – 2024. – 44(1). – P. 1-12. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-04>
11. Ғабитова Ф. Алыптар тағдыры. – Алматы: Жазушы, 1995. – 144 б.
12. Қабдолов З. Аханның әдеби қисындары // Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996. 72 б.
13. Қожакеев Т. Сатира негіздері. – Алматы: Санат, 1996 – 462 б.
14. Оспанұлы С., Мырзағалиева К. Серік Мақырұлы еңбектерінің мұғалімдерге, оқытушыларға, студенттерге танымдық-тағылымдық әсері // ҚМПИ Жаршысы. – 2024. – №2 (74). – Б.18-23. <https://press.ksu.edu.kz/kz/journal/2024/issue-74>
15. Оспанұлы С., Мырзағалиева К. Шетел және балалар әдебиеті ақындарының афоризмдері: оқу құралы. – Қостанай: ҚМПУ, 2019 – 232 б.
16. Ысмағұлов Ж. «Ахметтің аудармашылығы» // Қазақ әдебиеті. – 1990. – 20 шілде. – 29 б.

References:

1. Alimbayev M. (1993) Aesthetic Value as a Spiritual Gain. Kazakh Language and Literature. №4. – P.17. (in Kaz)
2. Asipov S. (1980) Topzhargan. Almaty: Zhazushy. – 181 p. (in Kaz)
3. Auezov M. (1985) Preface to the Poem “Rustem-dastan”. In: Collected Works in Twenty Volumes, Vol. 20. Almaty: Zhazushy. – 399 p. (in Kaz)
4. Auezov M. (1991) The 50th Jubilee of Akhan. Aq Zhol. Almaty: Zhalyln. – 464 p. (in Kaz)
5. Akhmer B., Aymukhambet Zh. (2023) The Function of Symbol in Text Structure. Keruen. No. 3. Vol. 80. – P. 52-62. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-04> (in Kaz)
6. Baitursynuly A. (2013) Collected Works in Six Volumes. Vol. I. Almaty: El-shezhire. – 384 p. (in Kaz)
7. Baitursynuly A. (2013) Collected Works in Six Volumes. Vol. V. Almaty:El-shezhire, – 384 p. (in Kaz)
8. Balasagun Zh. (1986) Qutty Bilik (Blessed Knowledge). Almaty: Zhazushy. – 616 p. (in Kaz)
9. Bektemisov N. (1999) Nazghumyr. Astana: Alem. – 177 p. (in Kaz)
10. Daurenbekova L.N., Kartayeva A.M., Zhumatayeva Z.N., Bekenova G.S., Nurlanova A.N. (2024) The First Educational Directions and Issues of Literary Translation in the Kazakh Steppe. Cadernos de Tradução. №44(1). – 1–12 pp. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-04> (in Eng)
11. Gabitova F. (1995) Fates of the Titans. Almaty: Zhazushy. – 144 p. (in Kaz)
12. Qabdolov Z. (1996) Akhan’s Literary Logic. In: Kozqaras. Almaty: Rauan. – 72 p. (in Kaz)
13. Qozhakeev T. (1996) Foundations of Satire. Almaty: Sanat. – 462 p. (in Kaz)
14. Ospanuly S., Myrzagaliyeva K. (2024) The Cognitive and Educational Impact of Serik Maqpyroly’s Works on Teachers, Lecturers, and Students. Bulletin of KMPU. № 2(74). – 18-23 pp. <https://press.ksu.edu.kz/kz/journal/2024/issue-74> (in Kaz)
15. Ospanuly S., Myrzagaliyeva K. (2019) Aphorisms of Foreign and Children’s Literature Poets: A Study Guide. Kstanay: KMPU. – 232 p. (in Kaz)
16. Ysmaghulov Zh. (1990) Akhmet as a Translator. Qazaq Adebieti, July 20. – P. 29. (in Kaz)